

А. Э. Тортаева, 3-курс

**Ғылыми жетекшісі: Ш. Р. Мүлкібаева, заң факультетінің аға оқытушысы
(Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті)**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ СУРРОГАТ АНАНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Менің ғылыми жұмысымның тақырыбы қазіргі біздің қоғамымызда өзекті мәселелердің бірі болып табылатын суррогат ана жағдайы. Бұл біздің халқымызға көп ғасырлар бойы жат дүние болып келді, алайды өзіміз егемендігімізді алғаннан кейін біздің еліміз қандай да болмасын саланы құқықтық реттеу үшін басқа мемлекеттердің қалыптасқан нормаларын өзіне қабылдады. Соның бірі суррогат ананың жағдайын құқықтық реттеу болды. Мұндай норма немесе ұғым бұған дейінгі қолданыстағы заңда болмаған. Заңда болмаған десек те, бұл — кейінгі жылдары біздің қоғамның да тіршілігіне еніп келе жатқан, түрлі себептермен балалы бола алмай жүрген ерлі-зайыптылардың қосалқы репродуктивтік технологиялар әдісін қолдану арқылы бала сүюіне мүмкіндік беретін медицинаның жаңа бір тармағы. Суррогат ана, яғни құрсақ ана, ғылымда соңғы он бес жылда қарқынды дамыған медициналық құбылыс болып есептеледі. Баланы тоғыз ай көтеруге келісім берген ананың құрсағына сәбидің биологиялық ата-анасының гаметалары енгізіледі. Осылайша әйел нәрестені тоғыз ай көтеріп, ата-анасына аман-есен табыс етуі тиіс. Әлемде бұл әдіспен қанша сәби дүниеге келгені туралы ресми мәлімет жоқ, алайда бейресми сараптамаларға сенсек, дүниежүзінде суррогат ананың көмегімен 220 мыңдай сәби туылыпты. Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) мәліметтері бойынша, әрбір бесінші отбасында бала туу бойынша қиындықтар туындайды. Әрине, бұл тек жүктілікті армандап, яғни проблеманың бар екенін түсініп, көмек сұрағандар ғана.

Басқа елдерді алып қарасақ, мәселен, Бразилия заңы бойынша, бірге тұмаған адамдардан басқаларға суррогаттық ана болуға тыйым салынған. Тек шынайы жаны ашыған туысқаны ғана суррогат ана болуы шарт. Тіпті Австрия, Норвегия, Швеция, Франция және Американың бірқатар штаттарында, Италия, Швейцария, Германия сияқты Еуропа елдерінде де оған тыйым салынған. Ал Италия, Франция, Германия елдерінде бұл тыйымды бұзғандарға ірі көлемде айыппұл салынып, тіпті түрмеге жабу да көзделген. Австралия, Ұлыбритания, Дания, Италия, Израиль, Испания, Канада, Нидерланды және Американың бірқатар штаттары әйел жатырын жалға беруді рұқсат еткенімен, суррогат анаға ақы төленбейді. Мұсылман елдерінде түсінікті ғой бұған жаппай қарсы. Тағы бір қызығы, суррогат ана болуды табыс көзі ретінде заңмен реттеген елдерде бар екен. Олардың қатарында Американың бірқатар штаттары, Оңтүстік Африка Республикасы, Ресей Федерациясы, Грузия, Украина, Белоруссия және Қазақстан бар. Тарихи дерек көздеріне сүйенсек, алғаш АҚШ-та 1980 жылы ұйымдастырылып, жүзеге асырылған бұл қызмет түрін пайдалану ТМД елдері ішінде тұңғыш рет 1995 жылы Украинада қолға алынған екен. Елімізде суррогат ана қызметі іс жүзінде қарқынды дами қоймасада, заңмен реттелген.

Негізінен алғанда, ең алғаш рет суррогат анаға 1998 жылы 17-желтоқсанда қабылданған бұрынғы «Неке және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының заңында (күші жойылған) анықтама берген: суррогат ана дегеніміз — суррогат ана мен ықтимал ата-ана арасындағы шарт бойынша бойға бала бітіру, оны көтеру және туу. Ал суррогат ана шарты деп — балалы болуды қалайтын адамдар мен бойға бала бітірудің жасанды әдісін немесе эмбрион имплантациясын қолдануға келісім берген әйелдің арасындағы келісімді айтады делінген болатын.

Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы ҚР кодексінің 100-бабында: суррогат ана болу суррогат ана (донорлық эмбрион енгізілгеннен кейін ұрықты көтеріп жеткізетін әйел) мен ықтимал ата-ана арасындағы шарт бойынша бала көтеруді және мерзімінен бұрын босану жағдайларын қоса алғанда, бала тууды білдіреді деп жазылған². Жаңадан қабылданған Кодексте суррогат ана мәселесі жөнінде былай дейді: «Егер бұрынғы «Отбасы және неке туралы» заңда суррогат ана түсінігі туралы қысқаша түсініктемелер берілсе, мұнда тұтас бір тарау қосып отырмыз. Бұл 9-тарау «Суррогат ана болу және қосымша репродук-

тивтік әдістер мен технологияларды қолдану» деп аталады. Жаңа кодекстің 54, 55, 56-баптары суррогат ананың заңдық келісімшарты, яғни суррогат ана болуға дайындық технологиялары сынды маңызды мәселелерді қарастырады. Қазір бала туылғаннан кейінгі заңдық және психологиялық шиеленіске толы суррогат аналар туралы көркем фильмдер өте көп. Бұл өмірде де болуы мүмкін. Сондықтан жаңа Заңда суррогат ана туралы жеке түсінік беріледі, оның құқықтары айқындалады. Біз осы бойынша әлемдік тәжірибеге сүйеніп, жоғары заңдық талаптарға жүгіндік. Заңда отбасы институтына үлкен мемлекеттік мән беріліп, суррогат ана мен денсаулық немесе басқа да жағдайларға байланысты сәби сүйе алмай жүрген суррогат ана қызметін пайдаланушылардың құқықтары қорғалатын болады», деген болатын ҚР Парламент Сенатының депутаты, осы мәселемен айналысқан жұмыс тобының жетекшісі Анатолий Башмаков.

Қазіргі заңнамада осы мәселе жеңілдетіліп, «суррогат ана» мен оған тапсырыс беруші арасында келісімшарт жасалады. Нотариалды түрде бекітіледі. Осы шартта «суррогат ананың» құқықтары мен міндеттері, тапсырыс беруші отбасының құқықтары мен міндеттері түгел көрсетіледі. Соған сәйкес, екі тарап өз міндеттерін толық орындайды және «суррогат ана» босана салысымен, дүниеге келген баланың заңды ата-анасы тапсырыс беруші отбасы болып саналады. Яғни ендігі жерде бұрынғыдай сотқа жүгінудің қажеті жоқ.

Сонымен қатар Кодексте «суррогат аналарға» қатысты талаптар да айқындалды. Мысалы, екіншісі «суррогат ана» бола алмайды. Оның жасы міндетті түрде 25 пен 35 аралығындағы әйел болуы тиіс. Сондай-ақ ертеңгі күні ол әйел құрсағындағы балаға аналық мейірі оянып, бергісі келмей қалуы да мүмкін ғой. Адам болғасын бұлай болуы да әбден ықтимал. Мұның алдын алу үшін Кодексте «суррогат ана» болғысы келетін 25 пен 35 жас аралығындағы әйелдің міндетті түрде өз баласы болуы керектігі жазылды. Қысқасы, «суррогат ана» осының бәрін біліп, саналы түрде қадам жасайтыны, ертеңгі күні сәбиді өз ата-анасына беретіндігі тайға таңба басқандай көрсетіліп отыр. Екінші жағынан 25 пен 35 жасқа дейін деп белгілеудің де өзіндік себебі бар. Бұл — әйелдердің репродуктивті, басқаша айтсақ, денсаулығы бала көтеруге және босануға ең қолайлы, лайықты кезеңі. Үшіншіден, заңда «суррогат анаға» тек заңды түрде некелері тіркелген ерлі-зайыпты азаматтар ғана тапсырыс бер алатындығы да анық жазылған³.

2010 жылы 144 мың 357 неке қиылып, отбасы құрылса, 40 мың 982 неке бұзылып, жас отбасылар ажырасты⁴. Ал ажырасудың небір түрлі себептері бар. Соның ішінде жас отбасының денсаулықтағы әртүрлі себептермен ұзақ уақыт балалы бола алмау проблемасы ең негізгілердің бірінен саналады. Ал бала деген – отбасын қабыстырып, байланыстырып тұратын буын. «Балалы үй – базар» деп халқымыз тегін айтпаған ғой. Сондықтан осы заңда қарастырылған қосалқы репродуктивтік технологиялық әдіс әлгіндей балалы бола алмай жүрген отбасылар үшін өте үлкен көмек деп санаймын.

Сонымен, бүгінгі қазақ қоғамының күнделікті күйбең өміріне жайлап жайғасып келе жатқан суррогат аналар мен олардың заңдық құқықтары біртіндеп өз шешімдерін тауып жатыр.

¹ «Адамның ұрпақты болу құқықтары және оларды жүзеге асыру кепілдіктері туралы» Қазақстан Республикасының Заңы // Егемен Қазақстан. 2004. 16 шілде.

² Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Қазақстан Республикасының Кодексі. // Егемен Қазақстан. 2011. 26-желтоқсан.

³ Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы ҚР кодексі 2009 жыл 18 қыркүйек.

⁴ С. Тайгарин. Суррогат ана // Ана тілі. 2011. 20-26 қаңтар. 3-6.